…РЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# …Ы ТУЫ

…ТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
…АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

…нварь Жексенбі | Шығуына 33 жыл. Жеке саны 20 тиын.

**Ғылымды меңгеру керек, білімнің барлық тараулары жөнінде маман большевиктердің жаңа кадрларын шыңдап шығару керек, бар ынта-жігермен үйренген үстіне үйрене беру керек,—кәзіргі міндет осы.**

**И. СТАЛИН.**

## …рафия …идеялық …ейік

…ә кезіндегі ескірген
…ı.
…зақ мектептерінде
…берудің сапасы өте
…реснов ауданының
…е Ленин атындағы
…ерінде орыс тілінен
…ы қанағаттанғысыз
…анықталып жүр. Бі-
… қолданбай, аудан-
…лер мектептен бала-
…ı сауатсыз болып
…бепкер болып отыр.
…t кемшіліктерге төзе
…арих, орыс тілі,
… пәндерінен сабақ
…қсарту керек; бұл
…ретін оқытушылар
…икалық мамандыққа
…тушы болуға тиіс.
… әсресе, ССРО ха-
…нан сабақ беретін
…деті ерекше және
… сабағында табиғатты
… мемлекетінің бір тұ-
…лсіздігі үшін жат-
…лармен бірнеше ға-

# Мал қыстатудың озаттарына теңелейік!

* * *

## Жылқы саны өсуде

Халық шаруашылығы үшін жылқы шаруашылығының маңызы өте зор. Партиямыз бен үкметіміз социалистік мал шаруашылығының бұл саласын өркендетуге күнбе- күн көңіл бөліп, қамқорлық жасап келеді.

Соколов ауданының жылқы өсірушілері осыны жете ескеріп, соңғы бірнеше жыл ішінде жылқы бағу, өсіру ісін біраз жақсарта түсті. Бұл жылқы өсіруде едәуір табыстарға жетуге мүмкіншілік берді. Аудан колхоздарында жылқы өсіру жөніндегі жоспар артығымен орындалды.

Жылқы өсіруде Ленин, Сталин, Ворошилов, Пушкин атындағы колхоздар айырықша табыстарға ие болып отыр. Бұлардың табысының сыры—колхоз коммунистері мен комсомолецтері, село активтері жылқы өсіру ісіне белсене араласып, жылқы фермаларында еңбек ұйымдастыруды жолға қойды, үгіт-көпшілік жұмыстарын үздіксіз жүргізді және онда қолма -қол жұмыс істеді. Жылқыға зоотехникалық-мал дәрігерлік бақылау жасауда да олар осындай іскерлік көрсетті. Осының нәтижесінде…

* * *

## Мал қыстатуға басшылық жақсартылсын

*(Тілші хаттарына шолу)*

Мал қыстату —мал шаруашылығындағы аса жауапты кезең. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру жөніндегі үкметіміз бен партиямыз алға қойып отырған күрделі міндеттерді ойдағыдай шешу — еңалдымен, малды қыстан шығынсыз және күйлі алып шығуға тікелей байланысты. Редакцияға жер -жерден түсіп жатқан хаттар мен дабылдарға қарағанда облыстың бірқатар алдыңғы қатарлы колхоздарының малшылары малды қысқы маусымда күйлі ұстау үшін жанаямай еңбек етіп, оны үнемі жақсы күтімде ұстауда, сөйтіп, малдан жазғы күнгідей көп өнім алуда.

Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Ленин ауданы) мүшелері, — деп жазады тілші **М. Смайылов** жолдас.— мал қыстатуға зор әзірлікпен кіріскен еді. Осының нәтижесінде мұнда малдың қысқы күтімі ойдағыдай. Колхоздың жекелеген мал өсірушілері ста…

…лық шаруашылықтарда бірдей бұл дәрежеде емес. Жекелеген колхоздарда мал қыстатудың жайы өте-мөте нашар.

Меншікті тілшіміз **Ғ. Малдыбаевтың** хабарлауына қарағанда «Интернационал» колхозында (Октябрь ауданы) мал қыстату ісінде елеулі кемшіліктер бар. Күш- мүмкіншіліктің жеткілікті болуына қарамастан, деп жазады тілші, өткен жылы бұл колхозда жемшөп дайындау жөніндегі жоспар орындалмай қалды.

Солай бола тұрса да, колхозда мал азығын үнемдеп жұмсау үшін күрес жоқ. Мұнда жемшөптің талан -таражға түсу, ұрлану фактілері де бар. Колхоз басшылары мұндай төзгісіз жағдайды біле тұра, оны дереу жоюдың тиісті шараларын қолданбай келеді. Колхозда, әсресе, қой түлігінің күтімі нашар. Фермада еңбек ұйымдастыру жолға қойылмаған.

Тілші **Қ. Жұсыпов** Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы колхозда малдың…

## Бір ауылдық Советте социалистік жарыстың қорытындысы

Жалтыр ауылдық Советі (Октябрь ауданы) өткен жылы ауыл -селолық Советтердің республикалық социалистік жарысында қабылданған міндеттемелерді орындауда айтарлықтай табыстарға ие болды.

Ауылдық Советке қарасты Чапаев атындағы колхоз бітік егін өсіріп, мол өнім алды. 50 гектар тұқымдық учаскенің әрбір гектарынан 156 пұттан өнім жыйналды. Бұл міндеттемеден анағұрлым артық деген сөз. Колхоз мемлекетке 70 мың пұт астық тапсырып, жоспарды артығымен орындады, 1952 жылдың көктемгі егісі үшін жеткілікті етіп, 3900 центнер жақсы сортты тұқым қорын және басқа түрлі сақтық қорларды қажетті мөлшерде толық құйды, колхозшылардың еңбек күніне мол астық бөлінді.

Колхоз қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспарын жылқыдан —102, қойдан — 110 процент етіп орындады. Ауылдық Советтің депутаттары мен активтері мал шаруашылығында тікелей жұмыс істеп, мал өсірушілерді қажырлы еңбекке жұмылдыра білді. Ауылдық Советтің…

*...стердің оқытушыларына көмек*

# ...стерде сабақ беру ...р мәселелері

...ы едәуір
әзірле-

оқыту
теориясы
...ге, өз
...риалдар-
әрбір
...етті.
немесе
мазмұны
Күнде-
...ңда про-
...ра оты-

агро-
...ан оқу
... әде-
...лер жа-
...лап ала-
...ның жә-
...істіктер
Мұндай
жоспары

...і түрде
мазмұны
...ылардың
матери-
...а оқы-
қоятын
... қажет.
белгілен-

диаграммалар, фотоснимкалар. Диапозитивтерді, оқу кино- фильмдерін және «Ауыл шаруашылығы жаңалықтары» кино -журналын кең қолдану керек.

Көрнекі құралдардың көбін жергілікті жерде жасап алуға болады. Ол үшін көп шығын керек емес, оқытушы инициатива көрсетсе болғаны.

Жаңа тақырыпты түсіндіріп, оқытушы тиісті көрнекі құралды көрсетеді. Оқылып отырған мәселенің мәнісін я гән ерекшеліктерін көзбен көру тақырыпты меңгеруді жеңілдетеді. Егер оқытушы қандай болсын бір көрнекі құралды тыңдаушылардың танысуы үшін қолдарына бергісі келсе, ол бұл үшін қажетті уақытты ескеруі тиіс.

Тыңдаушыларға үйге тапсырма берудің маңызы өте зор. Тапсырманы белгілегенде оқылып отырған тақырыптың ерекшелігін түсіндіру, өздігінен жұмыс істеуді қалай жақсы ұйымдастыруды, тапсырманы қалай орындауды және алған білімді тәжрибеде қалай жақсы қолдануды айту керек.

Жаңа материалды бекіту сабақта әңгіме өткізу, жаттығулар өткізу, есептер шығару жолымен жүзеге асырылады. Бұл істе тыңдаушылардың жоғары белсенділігі —негізгі шарт.

Доцент В. Кузнецовтың «Шашақты сығыр егісін күту» деген тақырып бойынша және доцент В. Дыманның «Колда бағатын кезеңде сыйырларды сауу» деген тақырып бойынша жасаған, екінші жыл оқу курстеріндегі 2 сағаттық сабақты құрудың және өткізудің мысалын келтірейік.

Сабақтың тақырыбы: «Шашақты



«Буровестник» ерікті қоғамы спортшыларының шахмат турнирі аяқталды. Турнирге байланыс, мемлекеттік сауда және тұтынушылар кооперациясы кәсіподақтары комитеттерінің өкілдері қатысты.

Қалалық телефон станциясының аға технигі (алдыңғы қатарда оң жақта) А. Таштамиров бірінші орын, радио торабы бастығының орынбасары Қ. Запрометов екінші орын алды. Ойында жеңіп шыққандарға бағалы заттай сыйлық берілді.

Суретті түсірген **А .Розенштейн.**

## Тәжрибе таратудың тамаша үлгісі

Жуырда облысымызда аудандық «Педагогикалық оқу» өткізілді. Мұндай оқу январьдің аяқ кезінде қалада және Соколов ауданында өткізілмек.

8 ауданда өткізілген «Педагогикалық оқуға» оқытушылардың тәжрибесі жөнінде 53 баяндама түсіп, одан жюри 46 баяндаманы қабылдады. Бұдан 30 баяндама жақсы баға алды және олар об-

# ССР Одағы Сыртқы Істер Министрлігінде

8 январьда АҚШ үкметі Совет үкметіне нота тапсырды. Бұл нотада «Совет Одағының соғыстың барысында қолға түсірілген жүздеген мың неміс және жапон азаматтары» Совет Одағында әлі қалып отыр мыс деген жалақорлық байымдаулар бар. Мұнымен бірге нота Біріккен Ұлттар Ұйымының уставына қарама -қарсы 1950 жылғы декабрьде Бас Ассамблеяның бесінші сессиясында АҚШ пен Англияның қысымымен құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымының соғыс тұтқындары туралы комиссиясы дейтінге Совет Одағының информация тапсыруы туралы тілек білдіріледі. Бұл комиссияның мәжлісі быйылғы жылы 21 январьда Женевада болады деп тағайындалған.

АҚШ үкметінің жоғарыда айтылған нотасына жауап ретінде ССРО Сыртқы Істер Министрлігі 20 январьда АҚШ-тың елшілігіне мынадай мазмұнда нота жолдады.

«Америка Құрама Штаттар үкметінің жапон және неміс соғыс тұтқындарын Совет Одағынан өз елдеріне қайтару жөніндегі 1952 жылғы 8 январьдағы нотасына байланысты, Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрлігі ССРО елшілігінің мемлекеттік департаментке 1950 жылғы 16 июльде және Сыртқы Істер Министрлігінің АҚШ елшілігіне 1950 жылғы 30 сентябрьде тапсырған ноталарын дәлелге келтіру керек деп санайды, бұл ноталарда осы айтылған мәселелер жөнінде толық жауап берілген болатын.

АҚШ үкметінің Біріккен Ұлттар Ұйымының соғыс тұтқындары жөніндегі комиссияның алдағы мәжлісін дәлелге келтіруіне келгенде, бұл комиссияның Біріккен Ұлттар Ұйымы уставына қарама-қарсы АҚШ пен Англияның қысымыен ұйымдастырған және қазіргі уақытта АҚШ-тың билеп- төстеуші топтары дүниежүзілік жаңа соғыс әзірлеу үшін пайдаланып отырған неміс және жапон соғыс қылмыстыларының айыптарын жуу үшін қолданады».

АҚШ үкметі жоғарыда аталған нотасын Совет үкметіне жібергенде, жапон және неміс тұтқындарының Совет Одағынан өз елдеріне қайтарылуы толық аяқталғандығы СОТА-ның 1950 жылғы 22 апрельдегі және 5 майдағы ресми хабарларында мәлімдегеніне қарамастан жіберді.

СОТА-ның 22 апрельдегі хабарында 1945 жылғы қолма- қол соғыс қыймылдары аудандарында босатылған 70.880 адамның үстіне, Жапонияға барлығы 510.409 жапон соғыс тұтқындарының қайтарылғандығы көрсетілген. ССР Одағында қалғаны өздерінің істеген қылмыстары үшін жазаға кесілген немесе тергеудегі 1.487 жапон соғыс қылмыстылары ғана, емделіп болғаннан кейін өз еліне қайтарылуға тиісті 9 адам, оның ішінде 8 адам қазірдің өзінде-ақ Жапонияға қайтарылды және Қытай халқына қарсы ауыр қылмыстар істеген 971 жапон соғыс тұтқындары Қытай Халық Республикасына тапсырылуға тиісті еді.

Неміс соғыс тұтқындары жөнінде СОТА-ның 1950 жылғы 5 майдағы хабарында Совет Одағынан барлығы 1.939.063 неміс соғыс тұтқындарының қайтарылғандығы айтылды. Неміс соғыс тұтқындарынан ССРО-да өздерінің жеке бастары ауыр соғыс қылмысын істегені үшін жазаға кесілген тек 9.717 адам, соғыс қылмыстылары туралы істер зерттеу дәуірінде болған 3.815 адам, мұнымен қатар, 14 адам ауру болғандықтан

